

спецификой нарушений психической деятельности. Указанные действующие факторы, которые могут быть общими или различными для каждого отдельного человека, составляют в совокупности фон, на котором реализуется та или иная деятельность. При этом описанные факторы оказывают влияние как непосредственно на особенности системы ценностных ориентаций, так и на характер формирующих ее процессов, воздействуя на выбор психологических механизмов их реализации.

---

1. Яницкий М.С. Ценностные ориентации личности как динамическая система. - Кемерово: Кузбассвузиздат, 2000. – 204 с.

2. Абульханова-Славская К.А. Стратегия жизни. М.: Мысль, 1991.- 299 с.

3. Караковский В.А. Стать человеком. Общечеловеческие ценности – основа целостного учебно-воспитательного процесса.-М.: Прогресс,1993. – 80 с.

4. Абульханова-Славская К.А. Развитие личности в процессе жизнедеятельности. М.: Наука, 1981. – 290 с.

\*\*\*

Студенттік жастадың құндылық бағдарлары әлеуметтену және әлеуметтік бейімделу процесінің барысында өмірлік тәжірибелермен қалыптасып және бекітілген тұлғаның ішкі құрылымының элементі болып табылады.

\*\*\*

Value system of students is an element of inner personality structure, being formed and fixed by life experience, socialization and social adaptation.

*Н.С. Жұбаназарова,  
Б.Т. Абдрахманова*

### **ТҮЛҒАНЫҢ ҚҰНДЫЛЫҚ БАҒДАРЫНА НАРЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙДЫҢ ӘСЕРІ**

Қазіргі күрделі әрі өзгермелі заманда құндылықтар жүйесінің алатын орны ерекше. Жаңа қоғамдық-экономикалық жағдайдағы құндылықтарға бағдарлануы мен жастардың өзіндік сезімінің қалыптасуы және қоғамның дамуындағы жаңа тенденциялары мен өмірдің барлық жақтары сапалы өзгерістерге ұшырады.

Адамның әлеуметтік ортаға қатынас жүйесінің негізгі элементі құндылықтарға бағдарлану болып табылады. Олар адамдардың әлеуметтік өзара әрекеттестігін, олардың қызығушылықтарының келісуі мен күресуі және адамның мінез-құлқы мен тұлғаның әлеуметтік өмірінің стратегиясын реттеп отырады.

Құндылық мәселесінің әртүрлі аспектілерін отандық ғалымдар зерттеген болатын. Мысалы: жеке тұлғаның құндылықтарға бағдарлануы теориялық практикалық негіздерін, И.Д. Багаева, З.И. Васильева, Д.Ә. Нұрғалиева, жастардың құндылық бағдарын әлеуметтік тұрғыдан В.Я. Ядов, Б.Ф. Ломов қарастырған. Қалыптасқан, тұрақты құндылықтар бағдар жиынтығы тұлға тұрақтылығын, қажеттер мен қызығулар бағдарында көрінген әрекет-қылқ және іс-әрекет типтерінің өзара байланыса, ұштасуын қамтамасыз етеді. Осыдан, құндылықты бағдар тұлға мотивтеріне себепші, реттеуші маңызды фактор ретінде іске қосылады. Құндылық бағдарларының негізгі мазмұны – адамның саяси, философиялық (дүниетанымдық), адамгершілік наным-сенімдері, терең әрі тұрақты бейімділіктері, әрекет, мінез принциптері.

Құндылық бағдардың дамуы – тұлға кемелінің белгісі, оның әлеуметтенуінің көрсеткіші, құндылықты бағыттардың тұрақты бірлігі тұлғаның келесідей сапаларының дамып, орнығуына себепші болады: тұлғаның тұтастығы мен сенімділігі, белгілі мұраттар мен принциптерге адалдық, осы мұраттар мен принциптерді іске асыру жолында ерік күшін аямауға қабілеттілік, өмірлік ұстанымдарға орай белсенділік, мақсатқа жетуде табандылық пен өжеттік. Құндылықты бағыттар арасындағы қайшылықтар әрекет пен мінездегі

тұрақсыздықты туындатады. Құндылықты бағдардың мешеуленуі адамның селқостығы мен енжарлығына себепші болады.

Құндылық бағдар жүйесінің алғышартының реттеуші функциясының толыққанды қалыптасуы жасөспірімдік кезеңде тұрақталады. Л.И. Божович пікірінше «тек қана жасөспірімдік жаста ғана моральді әлемді ұғыну адамгершілікті идеалдар мен принциптер негізінде тұрақталады». Құндылықтық жүйенің шынайы нақты мағыналы түрде адам бойында болуы оның өмірдің мағынасын түсінгендігін көрсетеді. В. Франклдың пікірі бойынша дәл осы жасөспірімдік шақта өмірдің мән мағынасы туралы сұрақтар өте көп кездеседі. Әртүрлі өмірлік мақсаттарды қоюға деген қажеттіліктің пайда болуы, өмірде өз орнын табу осы жастың айырқша ерекшелігі болып табылады. И.С.Конның зерттеуі бойынша жасөспірімдік кезге тиісті құбылыс бұл өмірлік жоспарды құру, тұлғалық мақсаттары мен мотивтер иерархиясын құрастыру, құндылық бағдардың тұрақталуы тән. Өмірлік жоспар бір уақытта әлеуметтік және этникалық құбылыс ретінде сипатқа ие болып, «кім боламын?», «қандай болу керек?» деген сұрақтармен шартталады. Жасөспірімдік кезеңде адамның өмірге деген жеке көзқарасы қалыптасып, ол ішкі автономды құндылықтардың туындауына себеп болады. Жасөспірімдік кезең құндылық бағдар жүйесінің қалыптасуындағы соңғы шешуші кезең болып табылады [1].

Л.И. Иванько: «адам өмірін реттейтін сатылар ретіндегі нормалар мен құндылықтар арасындағы айырмашылықтарды былайша ажыратуға болады. Құндылықтар көбінесе, адамның іс-әректің бағыттылық жақтарына сәйкес келеді, ол нормалар сол іс-әрекеттердің жүзеге асуының амал-жолдарына байланыты. Нормативті жүйе құндылық жүйеге қарағанда адамның іс-әрекетін ерекше айқындайды, өйткені біріншіден, ол нормаларды ұстанды, екіншіден, нормалардың нақты бір жүйесі ішкі тұтастылыққа негізделеді: адам іс-әрекетінде оны толық және тұтастай бір мезгілде ұстанды»-дейді [2].

Сонымен, тұлғаның құндылықтар бағдарының психологиялық аспектісі оның ішкі әлемін зерттеуімен тығыз байланысты, қоғамдық мінез-құлық, өмірдің және мәдениеттің құндылықтарын ұғынуға және жаңғыртуға бағытталған. Психолог ғалымдар Л.С. Выготский, Ж. Пиаже, И.С. Конның пікірінше құндылық бағдарлардың дамуы сатыларын жалпы индивидуалды дамуды жас кезеңдерімен байланыстырады. Сонымен қатар құндылық бағдардың даму сатылары қатаң түрде белгілі бір жасқа байланысты емес, яғни олар өзгеріске ұшырап, бірін-бірі ауыстырып отырады. Алайда әр саты соңғы және жетістікке жеткен болуы мүмкін, сондықтан даму деңгейі индивидуалды типте болады. Ж. Пиаже құндылық бағдардың қалыптасуының алғышарты ретінде белгілі интеллектуалды даму деңгейін көрсетеді. Ақыл-ой дамуы адамгершіліктік даму да прогрессивті, кезеңдік сипаттамаға ие. Ж. Пиаже басқа авторлар секілді моральдық даму сатыларының жүйесі жалпы когнитивті жасерекшеліктік өзгерістерге байланысты болады [3].

Осылай, нарықтық жағдайлар тұлғаның қалыптасуына, оның қажеттіліктері мен құндылықтарына тікелей әсер етеді. Тұлғаның құндылықтары оның әлеуметтік ортасымен тығыз байланысты. Құндылық түсінігі адамның қатынасы әлемге сипатталғанда қолданылады. Құндылық адам және оны қоршаған әлем арасында бөлінген, ол тек олардың қатынасында болады. Құндылықтарды тасушы болып кез келген зат, құбылыс бола алады, адамның санасымен өзара әрекетке тиісті.

Тұлғаның құндылықтар бағдары адамның шынайы мінез-құлқымен жиі қарастырылады. Сонымен, оның келесідей басты сәттері беріледі: «біріншіден, құндылықтар бағдары тұлғаның бағыттылығын және әлеуметтік белсенділігінің мазмұнын сипаттайды, екіншіден, ол оның әлеуметтік мінез-құлқының реттеушісі ретінде қарастырылады». Қоғам тұлғаға әсер етеді, ал тұлға қоғамға нақты әлеуметтік топ арқылы ықпалын білдіреді. Қоғамдағы өзгерістерді жақтаушылар дағдарыс кезеңінің өзінде-ақ экономика мен қоғамда түбегейлі өзгерістердің қажеттілігін сезінген, өз сенімдеріне күш салатындықтан қарсы алған адамдар. Ал, нарықтық қоғам ең алдымен биліктің мемлекеттік органдардың қолынан жеке өндірістік иелерінің қолына өтумен ерекшеленеді. Нарықтық экономикада еңбек және тауар құны сатушымен сатып алушының өзара келісімімен анықталады.

Отандық психологияда «құндылық бағдарлар» түсінігі әр түрлі қарастырылады, бірақ та, С.Л. Рубинштейн, Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, Л.И. Божович, Д.Н. Узнадзе-лердің және басқа да психологтардың еңбектерінде қарастырылған, оның психологиялық тұтастылығын айқындайтын әлеуметтену мен жеке дербестік процесінде қалыптасатын тұлғаның қасиеттік жүйелік қалыптастырушы ретінде қарастырылады.

Отандық психологияда, Б.Ф. Ломов «тұлға» түсінігі мағынасының әртүрлілігіне қарамастан, оның негізгі қасиетін бағыттылық деп келтіреді[4]. С.Л. Рубинштейн, А.Н. Леонтьев, Б.Г. Ананьев, Д.Н. Узнадзе және тағы басқалардың еңбектерінде бағыттылық тұлғаның жүйелі қалыптастыру қасиеті ретінде қарастырылады және оның барлық психологиялық қалыптасуын анықтайды. Б.Ф. Ломов бағыттылықты тұлғаның қоғамға беретіні және алатыны, оның дамуына қосатын үлесі ретінде қарастырады. В.П. Тугаринов «құндылықты бағыт» түсінігін кез келген құндылықтың тұлғаға бағытталғанын анықтаған болатын. В.Н. Мясищев тұлғалық мәнін заттық әлемге деген қарым-қатынас жиынтығы деп анықтайды, «Билеуші қатынас» тұлғаның бағыттылығына сәйкес және жеке өмірінің мәні туралы сұрақпен тікелей байланысты. Құндылықтардың тағы бір маңызды сипаттамасы бар – ол құндылықтардың идеалдармен байланысы. Бұл сипаттама көптеген жағдайларда құндылықтардың анықтамаларында кірістіріледі. Бұл жайында Е.В. Шорохов, И.С. Кон және тағы басқалар өз еңбектерінде айтып өткен.

Тұлғаның құндылықтарын және құндылық бағдарларын зерттеуге арналған ықпалдардың негізгі ғылыми-теориялық талдауы бізге оларды әртүрлі бағыт бойынша орналастыруға шартты түрде мүмкіндік береді. Құндылық бағдарларға тұлғаның тұрақтылығын қамтамасыз ететін, оның бүкіл өмірін анықтайтын тұрақты бағыттар қалыптасқан.

Құндылықтардың тағы бір маңызды сипаттамасы бар – ол құндылықтардың идеалдармен байланысы. Бұл сипаттама көптеген жағдайларда құндылықтардың анықтамаларында кірістіріледі. Бұл жайында Е.В. Шорохов, И.С. Кон және т.б. өз еңбектерінде айтып өткен. Публицистикалық және көркем әдебиет бейнелері әлеуметтік зерттеулерде ең маңызды құндылықтардың тасушысы ретінде қолданылады. Дәл осылар мінез-құлықтың идеалды әдісінің, өмір сүрудің идеалды стилінің моделін ұғыну үшін үлгіні елестету құралы болып табылады. Бұл өте терең В.Е. Семенов жүргізген және соның қол астында жүргізілген эмпирикалық, әлеуметтік-психологиялық зерттеулерінде қарастырылған. Мұндай зерттеулердің маңыздылығын өз уақытында В. Шубкин де айтып өткен: «Адам іс-әрекетіне зейін қойып қараған адам, оның идеалды түрдегі тырысу, қалау және тағы сол сияқты болып көрінетінін байқамауы мүмкін емес. Осыған орай, адам іс-әрекетінде ең жақын делдалсыз себеп ретінде материалды факторларды орталайтын идеалды факторлар болып табылады. Бұл идеалды әлемді, идеалды факторларды ғылым және өнермен талдау – адам мінез-құлығының заңдылықтарын түсіну үшін қажетті сілтеме болып табылады. Әлеуметтік психология өздеріне назарды аудартауға болмас еді, себебі олар алғашында осындай бір идеалды факторлардың – тырысулар, қалаулар, қызығушылықтар, қажеттіліктер - ішінде ең болмаса біреуін сипаттауға батыл қадам қойған» [5].

Көп жағдайда құндылық бағыттарын «қажеттілік» және «мотив» деген ұғымдармен анықтайды. Е.И. Головахтың айтуынша, «қажеттіліктегі заттарды адам санасынан өткізе отырып, оның өмірлік құндылықтарының алғашқыларының бірі бола алады». Алайда, Д.А. Леонтьев қарама-қарсы көзқарасын ұсынды, ол «құндылықтар өзімшіл болмайды» деді. Оның айтуынша, қажеттілікке қарағанда, құндылықтар дәл сол мезетте шектеулі болмайды және іштей ештеңеге апармайды, тек сырттай тартады деген [6]. Яғни, орнату мен тұлғалық құндылық бағыттарын адамның кез келген әлеуметтік жағдайында қажеттіліктерін реттеп отырады.

Нарықтық-экономика психологиясының негізі – осы заман талабына сай экономикалық санының қалыптасуына байланысты. Бұл дегеніміз – адамның экономикалық шартты түрдегі іс-әрекеттері. Нарық экономикасы психологиясының көрінуі адам іс-әрекетінен білінеді. Мұның астарында экономикалық қарым-қатынастағы экономикалық санамен анықталатын

жүріс-тұрыс жатыр, нақтырақ айтқанда нарық экономикасының белгісі болып табылатын, ақша-тауар-ақша негізінде қалыптасатын адам эмоциясы, іс-әрекеті болып табылады. Бұл нарықтық-экономика аясында адам қажеттіліктерімен, оның құндылықтарымен, яғни мұнда нарықтық пайда көзделгендіктен, қажеттіліктер де шартты болып келеді, ұсыныс сұранысқа байланысты туындайды. Мұнда адамның психологиялық ерекшеліктері экономикалық ойлауымен ұштастырылады.

Бүгінгі таңда нарықтық-экономикалық жүйелер өзара әрекетті. Сондықтан да қазіргі нарықтық-экономикалық жағдайда тұлғаның құндылықтарға бағдарлануы ерекшеліктері жан-жақты талданып өз дәрежесінде жүзеге асуы мен қоғамдық салада зерттеу аса маңызды мәселе болып табылады. Тұлғаның құндылығы – индивидтің санасындағы қоғамдағы материалды және рухани құндылықтардың таңдаулы бейнесі ғана емес. Адамның киімі, оның заттары, үйі, оның отбасы, балалары, жалпы, У. Джеймс «материалды Мен» сферасына қосқанның барлығы, тұлғаның құндылықтары болуы мүмкін. Тұлғаның құндылығы сондай-ақ топтың құндылығы сияқты қоғам құндылықтарының нақтысы болып табылады, бұл нақтылық тұлғаның әлеуметтік жүйедегі позициясынан және оның даму деңгейіне тәуелді болып келеді.

Жеке адамдық қызығулар мен құндылықтық бағдарлаудың қалыптасуы көптеген факторлардың әсері арқылы болады: қоғам, мектеп, отбасы, микроортаның жақын айналасы тағы басқалар. Тұлғаның белсенділігі тек қана танымдық, еңбек, қарым-қатынас процестерінде, әрекеттің қоғамдық саяси аясында ғана емес, сонымен бірге өзінің өнегелі мәнділіктерін өзгерту процесінде қалыптасады. Өзіне қатысты ұстаным жеке адамдардың моральдық дамуының белгілі бір деңгейін талап етеді. Осы деңгейлерді қарастырғанда адам үшін маңызды болатын құндылықтарын, олардың шығармашылық дайындығын осы құндылықтарды алмастыру арқылы өзгертуге болады. Тек өзіне ғана емес басқалар үшін де жауапкершілікте болу және осы жауапкершіліктерді алып жүре білу деңгейі, жеке адамның индивидуалды әлеуметтік дамуын бейнелейтін әлеуметтік өзін-өзі бағалау және әлеуметтік өзіндік сана деңгейі, өзінің қылықтарының және басқа адамдардың қылықтарының бағалауы арқылы берілген өнегелі мотивация деңгейі, мінез-құлық тәсілдері, жеке адамдардың басқа адамдармен қарым-қатынасындағы әлеуметтік қажеттіліктеріне және қабілеттеріне бағыттылық деңгейі болып табылады.

Тұлға құндылықтары – бұл тек қоғамның материалды және рухани құндылықтарының индивид санасындағы таңдамалы бейнеленуі ғана емес; индивид, тұлға құндылықтары ретінде индивидке қатысты оның ортасының «сыртқы» болып көрінетін компоненттері болуы мүмкін. Бұл ойлар, сезімдер, түсініктер мен бейнелер елестер мен пайымдаулар тіліне аударылғанда қажеттіліктер мен қызығушылықтар. Алғашқылары біздің бағалауымыздың объектісі болып табылады, олардың құндылығын әлі анықтауымыз қажет. Ал, екіншілері болса, осындай бағалауды іске асыруға мүмкіндік береді, бұл адамдар қоршаған шынайылықты өзі үшін мәнді анықтауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік құндылықтар функционалды түрде нақты бір рөлдерді атқарады. Олар адамға өз пікірін білдіруге көмектесетін бағдарлардың адамдар санасында қалыптасуы мен сақталуына негіз болады. Мұндай жағдайда құндылықтар сананың бөлігі болып кетеді. Бұл процесте құндылықтар адамдарды, заттарды, идеяларды және жағдайларды адаммен бағаланатын тұлғалық шкаладағы санақтың өзінше бір басы болып табылады.

Дәл осы кезде, екінші жағынан, құндылықтар іс-әрекет пен мінез-құлықтың мотиві секілді жаңа түрде шығуы, яғни адамның әлемдегі бағдары және нақты бір мақсаттарға жету үшін тырысуы қатал түрде тұлғалық құрылымға кіріп кеткен құндылықтармен өзара қатынастырылады. Сондықтан, құндылықтар адам мінез-құлығы мен іс-әрекеттің мақсатымен анықталатын жағдайды көрсетеді, тырысулар объектісін «құнды» секілді қарастырады. Олар шынайы өмірде ұнамды және ұнамсыз жақтарын табуға және өзінің мақсатқа бағытталған іс-әрекетін танылған және күтілетін жәйттер есебінен құруға көмектеседі.

Қоғамның экономикалық, әлеуметтік, саяси, мәдени сфераларына әсер ететін қоғамдағы кез-келген терең өзгерістер, осы өзгермелі жағдайлардың орын алуы мен ондағы адамның орны, осыған сәйкес объективті қысым тудырады және осы жаңа жағдайларға адамның жеке құндылықтарының өзгеруіне алып келеді. Мұндай ситуация қазіргі таңдағы өркениетті нарықты қатынастардың пайда болуымен күрделене түсті. Бұл жағдай қоғамның және адамның мұндай қатынастарды бағалауымен, түсінуімен байланысты болады.

Қорыта келе, құндылықтық бағдарлар қоғам өзгерістерімен шарттас болғандықтан қоғамдық жүйенің өзгеруі әлеуметтік саладағы өзгерістер жұртшылықтың санасында құндылықтық бағдарлардың жаңа жүйедегі орнығуына айтарлықтай ықпал етуде. Қазіргі таңдағы тұлғаның қалыптасуындағы, әсіресе жаңа буын қалыптасуындағы құндылықтық бағдарлар өрісінің бейтарап тұрғандығын көрсетсек болады. Бұрынғы құндылықтардан кол үзген, ал жаңа құндылықтарды әлі де қабылдай қоймаған біздегі қазіргі буын шын мәніндегі бейтарап өрісте тұр. Сондықтан да, біздер тұлғаның бойында құндылықтық бағдарлар дамуына, қалыптасуына үлкен әсер етіп, мән беруіміз қажет.

Сонымен, нарықтық-экономикалық жағдайындағы тұлғаның құндылықтарға бағдарлануы өмір барысында өзгеріп, толықтырылып, жаңа түрге еніп отырады. Ол тұлғаның құндылықтық бағдарлардың әр түрлері әр жасқа байланысты сол жас ерекшелігіне сай бірінші орынға шығып отырады. Нарықтық-экономикалық жағдайындағы тұлғаның құндылықтарға бағдарлануының дамуы әр түрлі, бірақ өзара байланысты процестермен қатар дамып отырады. Жалпы нарықтық-экономикалық жағдайындағы тұлғаның құндылықтарға бағдарлануының қалыптасып, дамуы оның жалпы болмысының, ерік сапаларының да дамуын білдіреді.

1. Кон И.С. Психология юношеского возраста – М.: Просвещение, 1979. – 176 с.
2. Нестеров В.Т., Иванько Л.И. Личностный потенциал работника: проблема формирования и развития. – М.: Наука, 1987. – 227 с.
3. Пиаже Ж. Избранные психологические труды. - М.,1994. – 680 с.
4. Ломов Б.Ф. Личность как продукт и субъект общественных отношений-М.: Наука, 1989. – 603 с.
5. Милославова И.А. Понятие и структура социальной адаптации. – Л.: Наука, 1974.- 641 с.
6. Леонтьев А.Н. Потребности, мотивы, эмоции.– М.: Изд-во МГУ, 1971. – 147 с.

\*\*\*

В статье рассматривается влияние рыночных отношений на особенности ценностных ориентаций личности. Дается целостное объяснение понятию «ценности личности» в контексте рыночных отношений.

\*\*\*

The article examines the impact of market relations on the particular values of personality. An explanation of the term "the personality values" in the context of market relations is given.

*Н.Н. Таирова*

## **ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ КОНФЛИКТЫ В СОВРЕМЕННОМ ВУЗЕ**

Современная актуализация интереса к педагогическим конфликтам обусловлена многими причинами. Отечественная образовательная система, в силу сложившихся в стране социально-экономических и политических условий и, несмотря на поддержку государством и планомерное развитие, оказалась в сложном положении. Резкое снижение жизненного уровня основной массы населения, разрушение производственных связей и структур, жесткая конкуренция, изменение сложившихся ранее институтов социализации и воспитания, существенные сдвиги в области культурных ориентации всей общественной